

Мемлекеттік холдинг және акционерлік компанияларды қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 28 қазан N 1395

Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес геологиялық барлау кәсіпорындарының басқару құрылымын жетілдіру және жекешелендіру процесін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларының Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларымен оларға берілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. Осы холдинг және акционерлік компаниялардың құрамына кірген акционерлік қоғамдарды қосу жолымен мүлкін біріктіріп және баланстарын топтастырып, заңда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастыру және қайта ұйымдастырылған акционерлік қоғамдардың акцияларын жаңадан құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларымен ауыстыру қажет деп танылсын.

3. "Геофизика" және "Толқын" мемлекеттік холдинг компанияларын заңда белгіленген тәртіппен өз құрамына кіретін акционерлік қоғамдарды қосу арқылы, мүлкін біріктіру мен баланстарын топтастыру жолымен бір акционерлік қоғам етіп қайта ұйымдастыру және қайта ұйымдастырылған акционерлік қоғамдардың акцияларын жаңадан құрылған қоғамдардың акцияларымен ауыстыру қажет деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

тиісті мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялардың оларды иелену құқығы тоқтатылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне сатуға берсін;

"Намыс" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамында болған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін сату жеке жоба бойынша жүргізілсін;

тиісті акционерлік қоғамдар акционерлерінің жалпы жиналысы қосылу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзім ішінде жаңадан құрылған акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық нысанын, жарғылық капиталдың өзгерген көлемі мен құрылымы ескеріліп құрылтай құжаттарының пакеттерін әзірлесін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп осы мемлекеттік холдинг және акционерлік компанияларының борыштары мен міндеттемелері бойынша

құқықтық мұрагерлерін айқындасын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Зерттеу, "Топаз", "Маржан", "Алға", "Тұлпар", "Поиск", "Сенім", "Толқын" мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 901 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,

1993 ж., N 39, 447-құжат);

"Намыс", "Жарқын", "Геофизика" мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 22 желтоқсандағы N 1288 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 50, 600-құжат);

"Ажар" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы" 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 333 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 16, 162-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 28 қазандағы

N 1395 қаулысына

ҚОСЫМША

Акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттері мен мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқына тыйым салынатын мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялардың

Т І З Б Е С І

"Жарқын" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Зерттеу" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Алға" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Сенім" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Жарыс" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Ақ бота" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Маржан" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Поиск" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Топаз" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Намыс" мемлекеттік холдинг компаниясы

"Ажар" мемлекеттік холдинг компаниясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК